



Шикылдақ қазға толықтай жойылып кету қаупі төнуде

Популяциясы және мекендеуі

Шикылдақ қаз алыс қашықтыққа қоныс аударатын кішкентай қаздың бір түрі. Ол Скандинавия мен шығыс Ресей аралығында кездесетін орманды тундра аймағында көбейіп, қыстауға солтүстік-шығыс Еуропа мен шығыс Қытай аралығында кездесетін сулы-батпақты аймақтарға ұшып кетеді. Бүгінгі таңда бұл қаз түрінің қосалқы тағы үш түрі анықталған: скандинавиялық, негізгі батыстық және негізгі шығыстық. Сонымен қатар Швецияда тағы бір қосымша кіші топ қайта қосылған. Жаңадан қосылған қосалқы түр қыс мезгілінде Нидерланды еліне жаңғыртылған ұшу бағытын пайдаланып қоныс аударады.

Қауіп-қатер

1950 жылдан бастап шикылдақ қаздың саны

50%-ға қысқарған. Өкінішке орай бұл үрдіс әлі де болса жалғасуда. Көптеген елдерде шикылдақ қазды атуға тыйым салынғанмен, заңсыз аңшылық құс саны азаюының басты себебі болып отыр. Оларды сақтау үшін жергілікті аңшыларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп, қаздарға аңшылықты мезгілмен толықтай тоқтату қажет.



Шикылдақ қазды сақтаудағы халықаралық ынтымақтастық

Шикылдақ қаздың скандинавиялық және негізгі батыстық қосалқы түрлерін сақтау үшін 2008 жылы Афро-евразиялық сулы-батпақты аймақтарды мекендейтін қоныс аударушы құстарды сақтау туралы Келісім (AEWA) негізінде жануарлар түрін сақтауға бағытталған Халықаралық Бірыңғай Жоспар қабылданды.

AEWA өкілдігі халықаралық жұмысшы топ құрастырып, шикылдақ қаздың аталмыш қосалқы екі түрін сақтау мақсатында келесі шараларды іске асыруда: қажетті жұмыс бағыттарын анықтау, қаржы көздерін тарту, үздіксіз бақылауды қамтамасыз ету, ғылыми зерттеу жұмыстарына ынталандыру, аса қауіпті аймақтарды қорғауда көмек көрсету.



Топ мүшелері құрамында мемлекет өкілдері, 22 маңызды аймақтардан сарапшылар және халықаралық табиғатты қорғау қоғамдарының бақылаушылары бар.

<http://lesserwhitefrontedgoose.aewa.info/>

Құрылғы: Grid-Arendahl, Негізгі ақпарат: Норвегияның орнитологиялық қоғамы, WWF Финляндия, Швецияның аңшылық және жануарлар әлемін басқару ассоциациясы

Шикылдақ қаз Эстонияда © Sverre Ekelund

Текстті аударған ҚБСА